АҢДАТПА

Кожабекова Раушан Санатқызының «8D02305 – Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияға «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)»

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы және араб әдебиетінің неоклассигі мысырлық ақын Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан талдауға арналған. Диссертацияда Абай және Шауқи шығармаларындағы «адам» бейнесі тақырыбына қатысты философиялық, этикалық және эстетикалық идеялар зерделеніп, қазақ және араб әдебиеттерінің мәдени-көркемдік ерекшеліктері салыстырылды. Зерттеуде екі ақынның адам бейнесі сомдалған шығармаларына ортақ тақырыптар мен олардың даралығын танытатын жеке стильдері анықталды.

Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи шығармаларының мазмұны туған халықтарының руханиятына өз заманының ғана емес, болашақ даму мүмкіндіктері тұрғысынан да қарай алғанымен ерекшеленеді. Екі ақынның да есімі өз мәдениеттерінің тарихында шешуші мәнге ие ағартушылық идеяны таратушы миссияларымен сақталып қалды. Бұл зерттеу жұмысында олардың адамның рухани өсуі, қоғамдағы орны мен жауапкершілігі, моральдық құндылықтар жайлы философиялық-эстетикалық көзқарастарына талдау жүргізіледі және қазақ әдебиеті мен араб әдебиетінің ортақ сипаттары мен ұлттық ерекшеліктері де қарастырылады. Абай және Шауқи шығармаларындағы адам бейнесі герменевтикалық әдіс арқылы талданып, ақындар стилі мен азаматтық және қайраткерлік қағидаттарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты философиялық ойларға герменевтикалық талдау жасаудың өзектілігі ең алдымен олардың шығармашылық жолы қалыптасқан екі мәдени ортаның – қазақ және араб әдебиеттерінің көркемдік, идеялық ерекшеліктерін салыстырумен байланысты. Қазақ және араб әдебиеттерінің даму тарихы әр халықтың өз тілінде жан-жақты зерттелгенмен, шетел филологиясы, салыстырмалы әдебиеттану ғылымында бүгінге дейін олардың мәдени-философиялық дәстүріне жеке салыстырмалы талдау жасалмаған. Абай және Шауқидің мұралары өздері өмір сүрген қоғам мен заманның мәдени, философиялық және этикалық құндылықтарының көркем өнердегі көрінісі болып табылады. Территориялық өлшеммен алғанда бір-бірінен алыста өмір сүрген ақындардың шығармашылық идеяларын салыстыра зерттеу арқылы олардың әлемді, адам табиғатын және қоғамды танып-қабылдаудағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға жол ашылады.

Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясы көне Шығыс философиясынан, оның ішінде ислам дінінен, суфизм мен гуманизмнен бастау алған. Екі ақынның адамгершілік-философиялық идеяларын салыстыру әлемдік өркениеттер аясындағы Шығыс диалогын зерттеуге ықпал етеді. Шығыс халықтарының арасында бірегей сипатқа ие араб және қазақ әдебиеттерін салыстыру оларға ортақ мәдени мұра мен ұлттық әдеби ерекшеліктерді, авторлардың стильдік шеберлігін тереңірек түсінуге, ұқсас және ерекше әдістерін анықтауға мүмкіндік беруімен де өзекті. Академик З. Ахметовтің «**Ел, жұрт** деген ұғымдарды Абай қалың ел, қазақ жұрты, халық деген кең мағынасында алып, бүкіл халықты тұтас алып мінездеу үшін де қолданады. Мысалы, үшін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», - деп басталатын өлеңді еске түсірсек жеткілікті. Ал кең мағынасында халық бейнесі бұған қоса жоғарыда айтылған сан алуан топтардың өкілдерінен, әр түрлі мінез, іс-әрекеттердің иесі болып көрінетін адамдардан жинақталып, қосыла келе толық көрініс табады» деген тұжырымы ақын шығармашылығында адам мен халық бейнесі ұғымының мағынасы мен өлшемі қаншалықты кең екенін дәлелдейді. Ғалымның осы пікірі бүгінгі күні де өзекті, Абайдың адам тақырыбындағы идеясы мен философиясы қазақ халқының өзімен бірге жасай беретіндіктен заманауи контексте жаңа әдіс-тәсілдермен зерделенуі тиіс екендігі соңғы жылдары жиі көтеріліп келеді.

Ахмед Шауқи поэзиясында ақын өмір сүрген заман үшін өзекті басқыншылық отарлық саясат, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік теңдік, араб әлемінің бірлігі сияқты мәселелерді батыл және жиі көтергендіктен оның саяси поэзия арқылы жеткізілген идеялары бүгінгі күн үшін маңызын сақтап отыр. Ақынның ұлтқа қатысты көзқарастары жаһандану, ұлт бостандығы, бірегейлікке қатысты идеологияға қуатты негіз саналады. Шауқидің шығармашылығы араб әлемінің маңызды мәдени мұрасы болумен қатар тарих пен қоғам жайлы құнды дереккөз саналатындықтан қазіргі уақытта араб қоғамында жүріп жатқан әдеби процестердің мәнін түсініп зерттеу үшін өзекті.

Зерттеудің нысаны. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ, аудармашы, қазақ жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы мен "**أمير** الشعراء" («Ақындар әмірі») лақабымен белгілі араб неоклассигі, мысырлық ақын, жазушы, драматург, ағартушы, аудармашы ақын Ахмед Шауқидің поэзиялық шығармалары.

Зерттеудің пәні. Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің философиялық және этикалық негіздері, адам бейнелерінің түрлері мен қырлары, ақындардың адам бейнесін жасаудағы шеберліктері, герменевтикалық стильдік шешімдер.

Зерттеу жұмысының мақсаты

Қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы және мысыр неоклассигі Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмаларын анықтау осы диссертациялық жұмыстың басты мақсаты ретінде белгіленді. Оған қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– әдеби шығармашылықты зерттеуде салыстырмалы әдістің пайда болу тарихын сараптау;
– салыстырмалы әдебиеттануда герменевтиканың қолданылу заңдылықтарын зерделеу;
– Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи шығармашылықтарының бастауларын салыстыру, ақындық, тұлғалық қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-ағартушылық орта дискурсын талдау;
– Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам тақырыбының философиялық-этикалық негіздерін салыстыру;
– Абай поэзиясындағы «адам» концептісінің мәні мен идеясын анықтау;
– Ахмед Шауқидің адам тақырыбындағы шығармаларының мазмұндық және жанрлық ерекшеліктеріне, сюжеті мен идеясына ғылыми талдау жасау;
– Абай және Шауқидің адам бейнесін сомдаудағы шеберлігін анықтау, тілдік құралдардың қолданыс аясын жіктеу;
– Абай және Шауқи поэзиясындағы философиялық идеяларына кешенді талдау;
– Абай және Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты парадигмаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері герменевтика теориясының негізін салушы, зерттеу әдісі ретінде әдебиеттануда қолдану ерекшеліктерін бекіткен Ф. Шлейермахер, Г. Гадамер, Е.Н. Шульга, салыстырмалы әдебиеттану теориясын қалыптастырушы В.М. Жирмунский, Р. Нұрғалиев еңбектерінен бастау алды.

Абайтану саласы бойынша оның негізін қалаған ғалымдар Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Қ. Жұбанов, З. Ахметов, М. Мырзахметов, Р. Сыздықова, Ж. Дәдебаев және басқа көптеген зерттеушілер еңбектері басшылыққа алынды.

Ахмед Шауқи шығармашылығының қалыптасу, даму жолдарын анықтау үшін жаңа заманғы араб әдебиетінің тарихын зерттеуші Шауқи Дайф, Таха Хусейн, Мұхаммед Хейкал, Махмуд Бадауи, Аббас Махмуд Әл-Аққад, Мұстафа Садық Әр-Рафиғи сияқты ғалымдардың еңбектері қолданылды. Сондай-ақ Ахмед Шауқидің шығармашылығын зерттеуге өзіндік үлестерін қосқан шетелдік ғалымдардан Шарль Пеллат (Charles Pellat), Сюзан Пикней Стеткевичті (Suzanne Pinckney Stetkevych) атап өтуге болады.

Зерттеуде қолданылған әдістер. Диссертациялық жұмысты жазу барысында жалпы және жеке теориялық әдістер, жинақтау, жүйелеу, классификациялау әдістерімен бірге зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндетіне сай герменевтикалық талдау, интерпретациялау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылды.

Жалпы теориялық әдістер зерттеу нысанын кең тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік берді. Зерттеудің алғашқы теориялық базасында салыстырмалы әдебиеттану, герменевтика, шығыстану салаларындағы жетістіктерге сүйенеді. Нақтырақ айтқанда, салыстырмалы әдебиеттану саласының

қалыптасуы мен дамуын ашатын тұжырымдар, герменевтика негіздерін түсінудің жалпы теориясын қалаған неміс ғалымы Ф. Шлейермахердің тұжырымдары, герменевтика ғылымының кең және тар мағынадағы қолданысы, сондай-ақ қазақ ойшылы Абай мен араб ақыны Шауқи шығармашылығындағы ұқсас және ерекше сипаттарды анықтау үшін осы зерттеудің герменевтикалық әдісі таңдалып, жүзеге асырылды. Зерттеудің жинақтау әдісінде жеке ақындар жайлы деректер жиналып, бір жүйеге түсірілді және олардың ортақ белгілері айқындалды. Ал жүйелеу әдісінің нәтижесінде зерттеу нысаны болып табылатын ақындар Абай және Шауқидің поэзиялық шығармаларының ішкі құрылымы мен өзара байланысы айқындалып, ғылыми тұжырымдар реттеліп, талқыланды. Классификациялау әдісінде зерттеу материалдарын құрылымдауға және салыстырмалы талдауға дайын ғылыми база қалыптастыруға мүмкіндік берді. Интерпретациялау әдісі болса, ақындар шығармашылығындағы діни-философиялық мәтіндердің көпқабатты мазмұнын ашуға көмектескен болатын. Зерттеу барысында қазақ ақыны Абай және араб ақыны Шауқи поэзиясындағы адам тақырыбының өзара байланысы салыстырылды. Сондай-ақ салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы зерттеу тақырыбының ортақ универсалды және ұлттық ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- «Шетел филологиясы» аясында алғаш рет араб және қазақ ақындарының шығармаларына салыстырмалы талдау жасау мақсатында герменевтика әдісінің ерекшеліктері арнайы қарастырылды;
- Абай және Шауқидің ақындық тұлғаларының қалыптасуы, поэзияларының бастаулары олар өмір сүрген әлеуметтік-мәдени контексте салыстырыла отырып талданды;
- алғаш рет салыстырмалы әдебиеттану теориясына сай белгілі қазақ және араб ақындары Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасын анықтаудың әдеби және философиялық ерекшеліктері анықталды;
- екі ақынның шығармалары негізінде қазақ және араб әдебиеттерінің ұлттық ерекшеліктері салыстырылып, олардың адамзатқа ортақ құндылықтармен арақатынасы анықталды;
- Абай және Шауқидің ұлттық әдебиетті қалыптастырудағы рөлдері олардың қоғамның рухани даму жолында атқарған миссиясы арқылы салыстырылды;
- Абай мен Шауқидің адам бейнесін сомдаудағы ақындық стильдерінің ұқсас және ерекше қырлары анықталды;
- Екі ақын шығармашылығының бүгінгі қоғам үшін маңызы мен олар ұсынған «адам» концептінің мәні мен қызметі қоғамның қазіргі даму үрдістері мен заманауи мәдениеттер диалогы контекстінде талданды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

- Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқидің шығармалары олар өмір сүрген қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени сипаттарын танытатын маңызды қайнаркөз;
- Екі ақынның «адам» концептісіне қатысты идеяларының қазіргі заман үшін мәні өте жоғары, әсіресе, материалдық құндылықтардың басымдығы рухани тәрбиеде адамгершілікті насихаттауды өзекті етеді;
- Абай поэзиясында көтерілген оқу-ағарту, өзін-өзі тану, рухани даму, сыни ойлау, тәрбие мәселелері қазіргі жаһандану процесінің ықпалындағы әлеуметтік даму үшін өте өзекті;
- Ахмед Шауқидің поэзиялық мұрасының қазіргі заман үшін өзектілігі араб халқының бірлігі, ұлттық бірегейлік, бостандық пен моральдық нормалар мәселелерінде анық көрінеді;
- Абай және Ахмед Шауқи поэзиясының философиялық аспектілерін Шығыс дүниетанымы тұрғысынан зерделеу мәдениетаралық түсіністікке ықпал етеді;
- қазақ және араб халықтары арасындағы мәдениеттер диалогының нығаюы нәтижесінде әдеби туындылар жалпыадамзаттық құндылықтарды арттыра түседі;
- Абай және Шауқи ағартушылық бағыттағы шығармалары арқылы ұлттық әдебиеттің негізін салумен бірге оны жаңа деңгейге көтерген ақын, жазушы, аудармашы болып табылады;
- Екі ақын да шығармашылық миссияларымен өз халықтарының рухани дамуына қызмет ету арқылы шынайы ұлт зиялысы мен рухани көшбасшының тұлғасын көрсетті;
- Абай және Ахмед Шауқидің ағартушылық идеялары, философиялық ойлары мен поэтикалық шеберліктері шығармашылық тұрғыдан бір-бірімен толық үйлесім тапқан, екі ақынның да поэзиясы рухани кемелденуді, терең білім алуды, ұлтқа адал болуды насихаттайды.

Зерттеудің апробациясы және жарияланымдар. Диссертациялық зерттеудің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының отырысында талқыланды. Зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізбедегі басылымдарда 5 мақалада, «Scopus» деректер базасына кіретін 2 журналда, халықаралық конференциялардағы 2 тезис-баяндамаларда баяндалған.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшан тұрады. Диссертациялық жұмыстың көлемі 160 бет.